

"Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы 2015 жылғы мемлекеттік сыйлығын беру туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 қарашадағы № 881 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы 2015 жылғы мемлекеттік сыйлығын беру туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы 2015 жылғы мемлекеттік сыйлығын беру туралы

Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның ұсынымдарын қарап, **ҚАУЛЫ Е Т Е М И Н :**

1. Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы 2015 жылғы мемлекеттік сыйлығы:

1) «Плазманың кванттық және коллективтік қасиеттері: жаңа технологиялардың теориялық негіздері» тақырыбындағы жұмыстар циклі үшін:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының кандидаты – Маратбек Төлеубергенұлы

Ғабдуллинге;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор – Қарлығаш Нұрманқызы

Жұмабұлаға;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының кандидаты – Мерлан

Қылышұлы

Досболаевқа;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент – Сандуғаш Құлмағамбетқызы Қодановаға;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі – Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұловқа;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор – Тілекқабыл Сәбитұлы Рамазановқа;

2) «Қазақстан Республикасының ғарыш саласын қалыптастыру үшін ғарыш ғылыминың әдістері мен технологияларын дамыту» тақырыбындағы жұмыстар циклі
Үшін:

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Аэроғарыш комитетінің төрағасы, техника ғылымдарының докторы, профессор – Талғат Амангелдіұлы Мұсабаевқа;

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Аэроғарыш комитеті төрағасының орынбасары, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі – Мейірбек Молдабековке;

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Аэроғарыш комитеті «Ұлттық ғарыштық зерттеулер және технологиялар орталығы» акционерлік қоғамының «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, техника ғылымдарының докторы – Дәulet Шағифұлұлы Ахмедовке;

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Аэроғарыш комитеті «Ұлттық ғарыштық зерттеулер және технологиялар орталығы» акционерлік қоғамының «В.Г. Фесенков атындағы астрофизика институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ядролық астрофизика секторының менгерушісі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор – Сергей Борисович Дубовиченкоға;

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Аэроғарыш

комитеті «Ұлттық ғарыштық зерттеулер және технологиялар орталығы» акционерлік қоғамының президенті, физика-математика ғылымдарының докторы – Жұмабек Шабданалы ұлы **Жантасека**;

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Аэроғарыш комитеті «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» акционерлік қоғамының Геоакпараттық модельдеу департаментінің директоры, техника ғылымдарының докторы – Арыстан Фазулұлы Мұхамедғалиевке;

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Аэроғарыш комитеті «Ұлттық ғарыштық зерттеулер және технологиялар орталығы» акционерлік қоғамының «В.Г. Фесенков атындағы астрофизика институты» перспективті астрофизикалық зерттеулер бөлімінің бастығы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор – Леонид Михайлович Чечинге;

«Қазгеоғарыш» акционерлік қоғамы президентінің кеңесшісі, техника ғылымдарының докторы, профессор – Едіге Асқарұлы Закаринге;

3) «Әлемдік технология нарығында Қазақстанның мәртебесін көтерген және еліміздің инновациялық дамуына елеулі үлес қосқан алтын мен қорғасын металургиясы облысында жасалған әзірлемелерді өндірісте іске асыру» тақырыбындағы жұмыстар циклі үшін:

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустримальық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасының минералды шикізатты кешенді қайта өндеу жөніндегі ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі – Әбдірәсіл Алдашұлы **Жарменов** ке;

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустримальық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасының минералды шикізатты кешенді қайта өндеу жөніндегі ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны филиалының зертхана менгерушісі, химия ғылымдарының кандидаты – Людмила Сергеевна Болотоваға;

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустримальық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасының минералды шикізатты кешенді қайта өндеу жөніндегі ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны филиалының зертхана менгерушісі, техника ғылымдарының докторы, профессор – Сағынтай Исабаевқа;

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустримальық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасының минералды шикізатты кешенді қайта өндеу жөніндегі ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны филиалының жетекші ғылыми қызметкері, техника ғылымдарының кандидаты, доцент – Қанат Күзгібековаға;

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасының минералды шикізатты кешенді қайта өндеу жөніндегі ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны филиалының директоры – Игорь Владимирович Старцевқа;

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасының минералды шикізатты кешенді қайта өндеу жөніндегі ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны филиалының бас ғылыми қызметкері, техника ғылымдарының кандидаты, Халықаралық минералдық ресурстар академиясының академигі – Николай Николаевич Ушаковқа;

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасының минералды шикізатты кешенді қайта өндеу жөніндегі ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны филиалының директоры, химия ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі – Серікбол Тілеулеуұлы Шалғымбасеке;

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасының минералды шикізатты кешенді қайта өндеу жөніндегі ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы директорының орынбасары, техника ғылымдарының кандидаты – Виктор Александрович Шумскийге;

4) «Қазақстанда бекіре шаруашылығының ғылыми-техникалық негіздерін қалыптастыру және инфрақұрылымын жасау» тақырыбындағы жұмыстар циклі үшін:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ректоры, биология ғылымдарының кандидаты – Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиевке;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы «Парасат» ғылыми-технологиялық орталығы» акционерлік қоғамының ғылыми консультанты, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі – Нұралы Сұлтанұлы Бектұрғановқа;

«Ordabassy group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қадағалау кеңесінің төрағасы, техника ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлер академиясының академигі – Дінмұхамет Аппазұлы Үйдірысовқа;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы «Парасат» ғылыми-технологиялық орталығы» акционерлік қоғамының

Технологияларды коммерцияландыру орталығының директоры – Александр
Викторович Кимге;

«Биология моря» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры – Серік
Рақышанұлы Темірхановқа;

5) «Тандамалы шығармалар» (10 томдық) тақырыбындағы жұмыстар циклі үшін:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті «
Экономика институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
Әлеуметтік өндегінде және адами капиталды дамыту орталығының бас ғылыми қызметкери
, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық
ғылым академиясының академигі – Аманжол Қошанұлы Қошановқа;

6) «Үршық буынының хирургиясында эндопротездеуді қолдану арқылы
инновациялық технологияларды әзірлеу және енгізу» тақырыбындағы жұмысы үшін:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі «
Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты» республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор –
Нұрлан Жұмағұлұлы Батпеновке;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі «
Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты» республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының № 3 ортопедия бөлімшесінің менгерушісі, медицина
ғылымдарының кандидаты – Қайрат Джалдыбайұлы Әшімовке;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі «
Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты» республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының директорының клиникалық жұмыс жөніндегі орынбасары,
медицина ғылымдарының докторы, доцент – Шалғынбай Әбжанұлы Баймагамбетовке;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі «
Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты» республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының № 4 ортопедия бөлімшесінің менгерушісі, медицина
ғылымдарының кандидаты – Алексей Александрович Белокобыловқа;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі «
Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты» республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары,
медицина ғылымдарының кандидаты, доцент – Қуаныш Төлеуұлы Оспановқа;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі «
Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты» республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының № 5 ортопедия бөлімшесінің менгерушісі, медицина
ғылымдарының кандидаты – Ерік Қанатұлы Раймағамбетовке;

7) «Қазақстан Республикасы көмірсугегі әлеуетін ғылыми негіздеу»
тақырыбындағы жұмыстар циклі үшін:
«АқАй Консалтинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бас директорының

орынбасары, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасының Минералдық ресурстар академиясының академигі – Орал Ақшолаковқа;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы мұнай және газ геологиясы кафедрасының менгерушісі, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық минералдық ресурстар академиясының академигі – Герой Жолтаевқа;

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының бас директоры, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты – Құрманғазы Орынғазыұлы Есқазиевке;

«Геокен» ғылыми өнеркәсіптік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының бірінші орынбасары, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты – Петр Николаевич Коврижныхқа;

«Меридиан Петролеум» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің президенті, геология-минералогия ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының Минералдық ресурстар академиясының академигі – Балтабек Мұқанұлы Қуандықовқа;

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «ҚазМұнайГаз» өндіру және бұрғылау технологияларды ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бас директорының игеру және бұрғылау жөніндегі орынбасары, техника ғылымдарының докторы – Евгений Кипониевич Огайға берілсін.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев